

## 2018 жылға арналған бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 241 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 қарашада № 7298 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алтынсарин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2018 жылға арналған ұйымдар бөлінісінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алтынсарин ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратады.

Аудан әкімі

Е. Жаманов

Әкімдіктің

2017 жылғы 31 қазандағы  
№ 241 қаулысына қосымша

## 2018 жылға арналған ұйымдар бөлінісінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота мөлшері

№ р/с	Ұйымның атауы	Кәсіпорындағы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Квота мөлшері жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық көрсетілімде	Жұмыс орындарының саны
1	"Жанабек" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	161	0,6%	1